



Автор: Дильмагамбетова Асия Гизатовна

Пән: Математика

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Жазбаша көбейту және бөлу

Тақырып: Екі таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша көбейту.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.1.2.10 екі таңбалы сандарды бір таңбалы санға жазбаша көбейту алгоритмдерін қолдану; Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі Қасым хан туралы меңгерту.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Екі таңбалы сандарды бір таңбалы санға жазбаша көбейтуді орындай алады.Қасым хан туралы толық мәлімет алады. Көптеген оқушылар: Екі таңбалы санды бір таңбалы санға көбейту тапсырмаларында есептеуді орындайды. Кейбір оқушылар: Оқулықта берілген тапсырмаларды өз бетінше орындайды.
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика және терминология Қамтиды: көбейту, көбейткіш, туынды; • түсіндіру, есептеу, анықтау; • алғашқы, одан кейін, келесі, алдыңғы, соңғы; • бастау ... онда ... соңында ... Талқылауға арналған сұрақтар: • Сіздің дұрыстығыңызға қалай сенім арта аламыз? • Алдыңғы әрекетті қалай табуға болады? Неліктен екенін айта аласыз ба...? • ...біздің бұл әрекетті ең алдымен орындауымыз керек пе? • ... жауап (...) мәнінен жоғары болу керек пе? • көбейтуді орындау алгоритмін қатал ұстану керек пе? Қалай екенін айта аласыз ба...? • көбейтуді орындаудың дұрыстығын қалай білемін? Жазбаша тапсырма: • «Бағанды» көбейтуді орындау алгоритмін құрастыру және жазу
Күтілетін нәтиже:	Кестедегі және ауызша кестеде жоқ көбейтуді орындау. Екі таңбалы санды бір таңбалы санға көбейту тапсырмаларында есептеуді орындайды.
Бағалау критерийлері:	Екі таңбалы санды бір таңбалы санға көбейту тапсырмаларында есептеуді орындайды.Құлындармен өзін-өзі бағалау.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне ; Бір-бірінің пікірін тыңдауға тәрбиелеу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу,интербелсенді тақта;
Пәнаралық байланыс:	Тарих,Музыка
Бастапқы білім:	Кестедегі және ауызша кестеде жоқ көбейтуді орындау. Екі таңбалы санды бір таңбалы санға көбейту тапсырмаларында есептеуді орындайды.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Оқушылармен амандасу түгендеу. Білу Сабақтың тақырыбын ашу. «Ойлан.бірік,бөліс» әдісі Ал енді оқушылар тақтадағы суреттерге байланысты ойланып,ойымызды біріктіріп,бүгінгі сабақтың тақырыбын тауып бөлісейік. Үй тапсырмасын тексеру.(Слайд арқылы тексеру)	құлындар арқылы бағалауф

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Түсіну Видеоролик.(Қасым хан туралы) Ұжымдық жұмыс. Көбейтуді орындап,мәнін кему ретімен орналастырып,Қасым ханның шығарған заңын табады. Қасым ханның қасқа жолы 32×3 44×2 23×3 12×3 96 88 69 36 Қолдану Топтық жұмыс.(Мәтін есеп) 1-топ.Қазақ халқының тарихы туралы фильмді шілде айында 43 адам көрді.Ал тамыз айында одан 2 есе артық адам көрді.Барлығы неше адам фильм көрді? Шешуі: $43 \times 2 = 86$ $43 + 86 = 129$ 2-топ.Кітапханада қазақ халқының тарихы туралы 14 кітап бар еді.Одан 3 есе артық жаңа кітап әкелінді.Кітапханада барлығы неше кітап болды? Шешуі:$14 \times 3 = 42$ $14 + 42 = 56$ Талдау Жұптық жұмыс «Пазл» әдісі Өрнектердің мәнін табу арқылы жер атауларын құрастыру. СЫ ҒА НАҚ $41 \times 2 = 82$ $43 \times 2 = 86$ $13 \times 3 = 39$ САУ РАН $22 \times 4 = 88$ $34 \times 2 = 68$ СА РАЙ ШЫҚ $33 \times 3 = 99$ $24 \times 2 = 48$ $14 \times 4 = 56$ Сергіту сәті (Қара жорға,батырлар биі) Жинақтау Деңгейлік тапсырма Бағалау Жеке жұмыс Есепті бағандау әдісімен шығару. 1. $31 \times 2 = 62$ 2. $13 \times 2 = 26$ 3. $21 \times 4 = 84$ 4. $14 \times 2 = 28$ 5. $32 \times 2 = 64$ 6. $11 \times 3 = 33$ 7. $22 \times 2 = 44$ 8. $10 \times 6 = 60$ 9. $15 \times 3 = 45$ 10. $28 \times 2 = 56$ 11. $35 \times 2 = 70$ 12. $19 \times 4 = 76$ Енді бүгінгі сабақтағы тапсырмалар бойынша жинаған ұпайларымызды санап,өз-өзімізді бағалайық.	Жебе арқылы тапсырмалар беру
Сабақтың соңы	Кері байланыс Қылыш- сабақты түсіндім Шоқпар- пайдалы болды Айбалта-түсінік болған тұсы болды Енді осы қарулар арқылы бүгінгі сабақтан алған әсерлерімізді қалқанға орналастырайық. Үйге тапсырма №7 есеп (52 бет)	
Рефлексия	Сабақ мақсаттары /оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?	